

Құжатты дайындады және қол қойды: Сайлаубай А.С., 18.11.2022 жылы 11:04 (Астана қ. уақыты бойынша). efd@kzdp.kz  
Құжатты тексерді: АУГАНБАЕВ Н.Ж., 18.11.2022 жылы 12:25 (Астана қ. уақыты бойынша). nro@kzdp.kz

**КЕЛІСЕМІН**  
Алматы қаласы прокурорының  
орынбасары  
**АУГАНБАЕВ Н.Ж.**  
2022 жыл 18 қараша

**ҚАУЛЫ**  
күдіктінің іс-әрекеттерін саралау туралы

г. Алматы

2022 жыл 18 қараша

ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша департамені ЖТТ-ның жетекшісі Сайлаубай А.С., №227500041000084 сотқа дейінгі тергеп-тексерудің материалдарын қарап,

**АНЫҚТАДЫМ:**

Қазақстан Республикасының азаматы, 30.05.1983 ж.т. Торекулов Ержан Айтуганович, төменде көрсетілген жағдайда мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы ауыр дәрежедегі және қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды келесі мән-жайларда жасаған.

ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінің 10-басқармасымен жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында, ҚР-ның азаматтары 09.09.1979 ж.т. Андреева Багдагуль Мейрамжановна, 30.05.1983 ж.т. Торекулов Ержан Айтуганович, 15.08.1986 ж.т. Кульжаханов Олжас Сағатович, 07.08.1987 ж.т. Нурланов Тенилик Болатович, 02.04.1987 ж.т. Кийсымбаев Акылжан Адабиатович, 23.06.1980 ж.т. Илипбаев Айдос Турысбекович, 02.11.1960 ж.т. Қонар Сағынкүл Құрманкүлқызы адамдар тобының алдын-ала сөз байласуы арқылы жиындар өткізіп, аталған жиындарда олар мемлекеттік билікті жағымсыз етіп көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруға шақыру және күш қолданумен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан жаппай тәртіпсіздік жасау мақсатында дайындық жұмыстарын жүргізген.

Атап айтқанда келесі жиындарда: 16.04.2022 жылы Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Краснодарская көшесі, 5а үйде болған жиында, 16.10.2022 жылы Алматы қаласы, Ауэзов ауданы, 5-ықшамаудан, 30Б үй, 5 қабат, офис №502 болған жиында, 02.08.2022 жылы Алматы облысы аумағында болған жиында, 02.08.2022 жылы Алматы облысы, Есік қаласында болған жиында, 05.08.2022 жылы Алматы облысы Райымбек ауданынан Алматы қаласына келер



жолдағы әңгімелерде, 02.09.2022 жылы Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Островского көшесі, 4 үйде болған жиында, 05.10.2022 жылы Алматы қаласы, ул.Тұрғыт Озал к-сі, 107 үй, «Тарым» кафесінде болған жиында Б.Андреева, Е.Торекулов және С.Қонар адамдар тобының алдын-ала сөз байласуы арқылы билікті басып алуға шақырып, сол сияқты билікті күштеп өзгертуге бағытталған және итермелейтін әңгімелер жүргізген.

Сонымен қатар аталған жиындарда, Б.Андреева, Е.Торекулов, Т.Нурланов, О.Кульжаханов, А.Қийсымбаев, А.Илипбаев, С.Қонар өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру үшін тікелей пиғылмен әрекет етіп, қылмыс құралдарын және қаруларын дайындау мақсатында, жиындар өткізіп, өздерінің тарапынан Қазақстан Республикасында 2022 жылдың қаңтар айының басында болған «қаңтар оқиғасына» ұқсас әрекеттерге алып келетін ереуіл өткізіп, ол жерде өздерінің қалай әрекет ететіндігін, оған халықты жинау, оған дайындық барысын, яғни оның болатын орны, уақыты мен өткізілу мерзімін талқылауға, алаңға шығатын кездегі өздерінің әрекеттерін рет-ретімен жоспарлап, сонымен қатар, Қазақстанның басқа қалаларындағы адамдардың митингке дайын/дайын еместігін, оны өткізу үшін керекті қаржы мәселесін шешуге, шығындар сметасын жасап, дайындық жұмыстарын жүргізген.

Онымен қоса жоспарланып отырған 'қаңтар оқиғасына' ұқсас жағдайға әкелетін іс-әрекеттерге, митингке шығатын адамдарды қару-жарақпен қамтамасыз ету қажеттігін, қару-жарақтарды, жарылғыш заттарды дайындау («коктейль Молотова», «бутылкамет»), оларды белгілі бір орынға барып сынау және қосалқы бөлшектері мен құрамы бойынша ақпарат алмасқан.

Аталған тұлғалар «коктейль Молотова» жарылғыш құралын атуға арналған қолдан жасалған атқыш құралды «бутылкаметті» Б.Андреева, О.Кульжаханов, Т.Нурланов, А.Қийсымбаев жиналып, оны 02.10.2022 жылы Алматы қаласы аумағында сынақтан өткізген.

14.10.2022 жылы Б.Андреева, Т.Нурланов, Е.Торекулов, О.Кульжаханов қайтадан жиналып, Алматы облысы, Қарасай ауданы аумағында орналасқан Көксай өзенінің маңында, яғни алдын-ала адам жүрмейтін жерді таңдап, аталған жерде атқыш құралды қайтадан сынақтан өткізген және көрсетілген құралдардың санын арттыру туралы уағдаласқан.

Сонымен қатар аталған тұлғалар, көрсетілген әрекеттер барысында құқық қорғау органдары, арнаулы органдар, әскери қызметкерлерге қатысты қару-жарақпен қарсылық көрсетіп, оларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін жүзеге асыратындықтарын алдын-ала уағдаласып, астыртын әрекет етіп, қылмысқа дайындық жасаған.

09.11.2022 жылғы №3552 сот психологиялық филологиялық сараптамасының қорытындысына сәйкес:

1. Зерттеуге берілген коммуниканттардың: Б.Андреева, Е.Торекулов, О.Кульжаханов, Т.Нурланов, А.Қийсымбаев, А.Илипбаев, С.Қонар әңгімелерінің жалпы бағыты келесідей:

- алдымен Алматы қаласында, содан кейін, Қазақстанның басқа да қалаларында 'қаңтар оқиғасына' ұқсас жағдайға әкелетін іс-әрекеттер, митинг (ереуіл) өткізу, оған халықты жинау, оған дайындық барысын, яғни оның



болатын орны, уақыты мен өткізілу мерзімін талқылауға, алаңға шығатын кездегі өздерінің әрекеттерін рет-ретімен жоспарлауға, сонымен қатар, Қазақстанның басқа қалаларындағы адамдардың митингке дайын/дайын еместігін талқылауға және оны өткізу үшін керекті қаржы мәселесін шешуге, шығындар сметасын талқылауға;

- жоспарланып отырған 'қаңтар оқиғасына' ұқсас жағдайға әкелетін іс-әрекеттерге, митингке шығатын адамдарды қару-жарақпен қамтамасыз ету қажеттігін, қару-жарақтарды талқылауға (садақ, снайперлік винтовка, автомат т.б.), сонымен қатар, жарылғыш заттарды дайындау («коктейль Молотова», «воздушка», «бутылкамет»), оларды белгілі бір орынға барып сынау және қосалқы бөлшектері мен құрамы бойынша ақпарат алмасуға, және оны алу үшін қаржы беретін тұлғаларды іздеу әрекеттерін талқылауға;

- Қазақстандағы қаңтар айында орын алған оқиғада жіберілген қателерді қайталамауға, анығырақ айтқанда, «тонаушылықты» (мародерлік) және «арандатушыларды» (провокацияларды) болдырмауды талқылауға;

- құқыққорғау өкілдеріне қатысты қандай әрекеттер жасайтындықтарын, олардың күштеу әрекетіне дайын отыру керектігін талқылауға;

- қазіргі билікке/үкіметке теріс-жағымсыз баға беріп, оны өзгертуді, құлатуды талқылап, сол әрекетке итермелеуге бағытталған.

Қорыта айтқанда, зерттеуге ұсынылған әңгімелер мәтіні елімізде орын алған 'қаңтар оқиғасына' ұқсас митингі өткізуді жоспарлауға, күштеу әрекетін қолдана отырып, қазіргі билікті/үкіметті ауыстыруды талқылауға, оған итермелеуге бағытталған.

2. Зерттеуге берілген Б.Андреева, Е.Торекулов және С.Қонардың сөздерінде билікті басып алуға шақыру, сол сияқты билікті күштеп өзгертуге бағытталған мағыналық компоненттер бар.

О.Кульжаханов, Т.Нурланов, А.Илипбаев және М.Танабаевтың сөздерінде билікті басып алуға шақыру, сол сияқты билікті күштеп өзгертуге бағытталған мағыналық компоненттер жоқ.

Билікті ұстап тұруға шақыру, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге бағытталған мағыналық компоненттер коммуниканттардың сөздерінде келтірілмеген.

3. Зерттеуге берілген Б.Андреева, Е.Торекулов, Т.Нурланов, О.Кульжаханов, А.Қийсымбаев, А.Илипбаев, С.Қонардың сөздерінде қандай да күштеу және зорлық-зомбылық әрекеттерге итермелеу белгілері, оны талқылау компоненттері бар. Осы белгілер М.Танабаевтың сөздерінде кездеспейді.

4. Зерттеуге берілген Б.Андреева, Е.Торекулов, Т.Нурланов, О.Кульжаханов, А.Илипбаев арасындағы әңгімелерде құқық қорғау, арнаулы органдар және әскери қызметкерлерге қатысты қандай да зорлық-зомбылық әрекеттеріне итермелеу және оны талқылау мағынасындағы компоненттер бар.

Осылайша, 30.05.1983 ж.т. Торекулов Ержан Айтуганович адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруға жария түрде шақырған, яғни ҚР Қылмыстық Кодексінің 179-бабы 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.



Құжатты дайындады және қол қойды: Сайлаубай А.С., 18.11.2022 жылы 11:04 (Астана қ. уақыты бойынша), елді@qpb.kz  
Құжатты келісілді: АУГАНБАЕВ Н.Ж., 18.11.2022 жылы 12:25 (Астана қ. уақыты бойынша), елді@qpb.kz

Ол, күш қолданумен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне қарсылық көрсетумен ұласқан жаппай тәртіпсіздікке дайындалған, яғни ҚР Қылмыстық Кодексінің 24-бабы 1-бөлігі, 272-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, ҚР ҚПК-нің 60, 198, 203, 204-баптарын басшылыққа ала отырып,

### ҚАУЛЫ ЕТтім:

1. Осы қылмыстық іс бойынша күдікті Торекулов Ержан Айтуганович, 30.05.1983 ж.т., Түркістан облысында туып-өскен әрекеттерін ҚР ҚК-нің 179-бабы 2-бөлігі, 24-бабы 1-бөлігі, 272-бабы 1-бөлігі бойынша саралауды.
2. Осы қаулы көшірмесін қадағалаушы прокурорға жолдауды.
3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлауды.

ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша  
департаменті ЖТТ-ның жетекшісі

Сайлаубай А.С.

ҚР ҚПК-нің 64-баптарына күдіктінің мынадай құқықтары түсіндірілді:

- 1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға;
- 2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге;
- 3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы ҚПК-нің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға;
- 5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін онаша және күшія кездесуге;
- 6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге;
- 7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға;
- 8) айғақ беруден бас тартуға;
- 9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға;
- 10) дәлелдемелерді ұсынуға;
- 11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге;
- 12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге;
- 13) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;
- 13-1) өзіне қатысты сотқа дейінгі пробацияны жүргізу үшін пробация қызметіне жүгінуге;
- 14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға;
- 15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға;
- 16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процесстік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процесстік келісімді жасасуға;
- 17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге;
- 18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және



Құжатты дайындады және қол қойды: Сайлаубай А.С., 18.11.2022 жылы 11:04 (Астана қ. уақыты бойынша), [etdr@kqr.kz](mailto:etdr@kqr.kz)  
Құжатты қабылдады: АУТ АНБ АЕВ Н.Ж., 18.11.2022 жылы 12:25 (Астана қ. уақыты бойынша), [etdr@kqr.kz](mailto:etdr@kqr.kz)

соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге; 19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; 20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде ҚПК-нің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға; 21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге; 22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге; 23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процесстік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процессті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға; 24) өзіне қарсы айғақ берген күзден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

*ҚР ҚПК 206 бабына сәйкес осы қаулы маған жарияланды, күдіктінің мәні және күдіктінің құқықтары түсіндірілді. Қаулының көшірмесін алдым.*

**Күдікті:**

**Торекулов Е.А.**

Қаулы күдікті Торекулов Е.А. 20\_\_ жылы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ ордерді ұсынған қорғаушы Қорғаушының ТАӘ қатысуымен жарияланды.

*Қаулымен таныстырылды:*

**Күдікті:**  
18.11.2022

**Торекулов Е.А.**

*Қаулыны жарияланды:*

**ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша департамені ЖТТ-ның жетекшісі**

**Сайлаубай А.С.**



QR-код ЭЦК қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хәсі соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦК туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды